

ОӘЖ 336.71

## **ТҰРАҚСЫЗДЫҚ ЖАҒДАЙЫНДА НЕСИЕ ЖҮЙЕСІН МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУДІҢ ӘДІСТЕРІ**

**Муканбетжан Жансая Муратбекқызы**

*[muratbekoovna@gmail.com](mailto:muratbekoovna@gmail.com)*

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ студенті. Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – э.ғ.к., профессор Мажитов Д.

Қазақстандағы банк жүйесін реттеу мен қадағалауды зерттеу мен талдауды көздейді, ол қадағалау органының қызметіндегі ауқымды мәселердің пайда болуына тікелей және жанама әсер ететін нақты факторларды сипаттайды. Зерттеудің өзектілігі банктік операциялардың қаржылық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және елде тұрақсыздық пайда болғанда, Ұлттық банктің яғни Орталық банктің коммерциялық банктердің несиелік жүйесіне реттеу жұмыстарын жүргізуі болып табылады.

Кредиттік ұйымдардың ерекше экономикалық және әлеуметтік сипаты банк секторын басқару қажеттілігінің негізі болып табылады, бұл ел экономикасын дамыту үшін өте маңызды. Ұлттық Банк өзінің құзыреті шегінде басқа елдердің орталық банктерімен және банктерімен қарым-қатынастарда, халықаралық банктерде және өзге қаржы-несиелік ұйымдарда Қазақстан Республикасының мүддесін білдіреді және қаржы ұйымдарының қызметін бақылауды және қадағалауды, сондай-ақ олардың Ұлттық Банктің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша қызметін реттеуді және басқасын жүзеге асырады. Экономикалық тұрақсыздық, өз кезегінде, банктік реттеу жүйесінің қолданыстағы құралдарын түзетіп, халықаралық банктік қауымдастықтың өзгеруіне және талаптарына үнемі бейімделуді қажет етеді. Бұдан басқа, Қазақстан экономикасында басқару субъектілері арасындағы қарым-қатынастардың терең өзгеруіне әкеліп соқтыратын өзгертулер нормативтік базаға сәйкес келмейді, бұл өзгерістер мемлекеттік мекемелерді ұйымдастыру жүйесінде де, банктік қадағалау кіші жүйелерінде де қарама-қайшылықтардың ушығуына алып келеді [1].

Коммерциялық банктің тұрақтылығы клиенттерге, кредиторларға және салымшыларға қатысты өз міндеттемелерін орындау қабілеттілігіне және сыртқы, ішкі факторлардың өзгеруіне байланысты қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді несиелерге деген қажеттіліктерін қанағаттандыруға қатысты. Банктердің қызметтерін реттеу, банктердің және мемлекеттің кепілдіктеріне, сондай-ақ қаржы аударымдарының транспаренттілігіне сүйене отырып, өз жинақтарын берген банк клиенттерінің активтерін қорғайды. Қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында әр түрлі елдердің экономикаларының жалпы интеграциясы есебінен банк тәуекелдерін бағалау мен реттеу мәселелеріне баса назар аударылды және халықаралық мәселелерімен айналысатын халықаралық банктік қауымдастық ұсынған концептуалды және әдістемелік әзірлемелерді ескермей, Қазақстанда осы мәселелерді зерделеу мүмкін емес.

Банктік реттеу мемлекеттің банктердің қызметіне келесілер арқылы әсер етеді:

- банк қызметінің нормативтік-құқықтық базасын құру; банк жүйесін дамыту тұжырымдамасын және оны жүзеге асыру бағдарламасын әзірлеу;
- банктік қызмет көрсету нарығын дамыту үшін, банктік бизнес инфрақұрылымын құру үшін қажетті жағдайлар жасау;
- банктік салымдарды сақтандыру жүйесін енгізу;
- банк қызметін мемлекеттік кепілдендіру жүйесін модельдеу;
- өз аумағында шетелдік банктердің қызметін реттейді.

Банктік қадағалауды жетілдіру жөніндегі жұмыс – Қазақстанның Банктері жүргізетін кешенді шаралар жүйесі, сондықтан, ең алдымен, қолданыстағы банк жүйесін жетілдіруге байланысты болуы тиіс. Өз кезегінде, Ұлттық банк реттеуді күшейту бойынша бірқатар шараларды жүзеге асырады.

ҚР банк секторының 01.02.2019ж. негізгі көрсеткіштеріне шолу жасасак: Банк секторы 28 екінші деңгейдегі банкпен көрініс тапты, олардың ішінде 14 банк шетелдік қатысумен, оның ішінде 12 еншілес банк. ҚР екінші деңгейдегі банктерінің активтері 2019 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша 25 213,6 млрд. теңге (2019 жылдың басында – 25 244,0 млрд. теңге), 2019 жыл басынан азаю – 0,1% болды. Активтер құрылымындағы ең көп үлесті (жиынтық активтердің 48,2%) 13 132,9 млрд. теңге сомада несие портфелі (негізгі борыш) алады (2019 жылдың басында – 13 762,7 млрд. теңге), 2019 жыл басынан азаю – 4,6% болды. Заңды тұлғаларға қарыздар несие портфелінің 28,8% үлесімен 3 777,5 млрд. теңге (2019 жылдың басында – 3 928,0 млрд. теңге немесе несие портфелінің 28,5%-ы), 2019 жыл басынан азаю – 3,8% болды. Жеке тұлғаларға қарыздар несие портфелінің 38,2% үлесімен 5 012,1 млрд. теңге (2019 жылдың басында – 4 993,4 млрд. теңге немесе несие портфелінің 36,3%-ы), 2019 жыл басынан ұлғаю – 0,4% болды. Тұтынушылық қарыздар несие портфелінің 26,7% үлесімен 3 511,3 млрд. теңге (2019 жылдың басында - 3 508,8 млрд. теңге немесе несие портфелінің 25,5%-ы), 2019 жыл басынан ұлғаю – 0,1% болды. ШОБ-қа қарыздар несие портфелінің 31,0% үлесімен 4 068,4 млрд. теңге (2019 жылдың басында – 4 567,1 млрд. теңге немесе несие портфелінің 33,2%-ы), 2019 жыл басынан азаю – 10% болды. NPL - жұмыс істемейтін қарыздар (90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар) 1 068,2 млрд. теңге немесе несие портфелінің 8,1% (2019 жылдың басында – 1 016,3 млрд. теңге немесе несие портфелінің 7,4%-ы) болды. Несие портфелі бойынша провизиялар 1 887,6 млрд. теңге немесе несие портфелінің 14,4%-ы мөлшерде (2019 жылдың басында – 1 776,6 млрд. теңге немесе несие портфелінің 12,9%-ы) қалыптасты. Ал, макроэкономикалық көрсеткіштері- банк секторы активтерінің ЖІӨ-дегі үлесі – 42,9%; Несие портфелінің ЖІӨ-дегі үлесі – 22,3% болып табылды [2].

Бұл тәжірибе банк секторында пайдалы, себебі банк нарығында қатыгез қатысушы болып табылатын несие ұйымдарының саны азайып бара жатқандығына байланысты. Осыған қарамастан, банктердің қаржылық мәселелерін анықтау және оның орнықтылығына қауіп төндіретін кредиттік ұйымдар нарығынан шығу әрдайым мүмкін емес. Сонымен қатар, Қазақстанның несие мекемелері коммерциялық болып табылады, сондықтан олардың негізгі міндеті – табыс табу, бірақ банктік операциялардың алуан

түрлілігі рентабельділіктің төмендеуіне әкеледі, сондықтан банктер төлем қабілеттілігін төмендетуге алып келетін, банкроттыққа әкеліп соқтырады, бұл елеулі шығындарға әкеледі және Орталық банкпен арнайы реттеуді талап етеді [3].

Банк секторындағы реттеу қызметі өте маңызды рөлді атқарады. Бүгінгі күні Орталық банктің несиелік ұйымдарының әділетсіз менеджерлерін жауапқа тарту құқығы жеткіліксіз. Іс жүзінде іс-әрекеттегі банктің иесі басқа несиелік ұйымының банкроттыққа, соның ішінде үшінші тұлғалар арқылы банкротқа ұшыраған тұлғаларға айналған деректер әлі де бар. Қазіргі таңда екінші деңгейлі банктердің астамы жұтылу үдерісіне иеленіп, активтері ірі банктермен бірге қосылуда. Жұтылуға себеп болатын банктің қаржы көрсеткіштерінің аз болуы, сыртқы қарыздың көлемі үлкен болуы және Ұлттық банктің нормативтік актілер талаптарын бұзған немесе сақтамаған жағдайда ғана пайда болады. Атап айтсақ, Қазақстан коммерциялық банктерінің маркетингтік әлеуеті жеткілікті деңгейде үлкен. Осыған байланысты, жеке және заңды тұлғалар банктердің мықты маркетингтік жолдарына түсіп, одан әрі азаматтардың банктік келісімшартты дұрыс таныспауына байланысты несиені төлемеуі, банктің пассивінің біршама үлкеюіне алып келеді.

2018 жылы Ұлттық Банктің Төрағасы Данияр Акишев, өзінің баяндамасында, алдағы уақытта банктердің бірігуі, жұтылу үдерістерін қолдана отырып, екінші деңгейлі банктердің санын қысқарту қажет деп мәлімдеген болатын. Ұлттық Банк 2017-2018 жылдары 5 банктің (Астана Банк, Эксимбанк, Qazaq Bank, Delta Bank және Казкомерцбанктің Халық банкке бірігуі ) корпоративтік стандарттарының төмен болуына және тәуекелдерді әлсіз басқаруына, сондай-ақ қайтарымызсыз несиелерді беріп және қаржылық есептілікті қасақана бұрмалағандығынан банктік лицензиясынан айырылған болатын. Бұл қаржы институттарының нарығынан алынатын осалдықтардың негізгі тізімі. Бүгінде Қазақстан банктерді жаңа шарттарға бейімдеу бойынша жұмысын күшейтіп отыр, өйткені экономиканың қалыпты жұмыс істеуі қаржы институттары сенімді болған жағдайда ғана мүмкін болады. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі банк секторының қаржылық тұрақтылығын арттыру бойынша кешенді бағдарламаны жүзеге асырды. Негізгі мақсаты болып, банк акционерлерінің қаражатын белсенді тарту арқылы банк секторын жетілдіру болып табылады [4].

Қазақстанның экономикалық тұрақсыздығы жағдайында, соңғы бірнеше жылда елдегі банк секторының негізгі мәселелері күшейе түсті: тұрақсыздық және банктік жүйенің жоғары концентрациясы, банктердің капиталдандыруының төмендігі және экономикадағы аймақтық айырмашылықтар. Осыған орай, Қазақстан Республикасы Ұлттық қызметін кредиттік жүйені басқаратын Қазақстан банк жүйесін дамыту және нығайтуға банктік реттеу құралдарын қолдану арқылы белсенділік танытты. Екінші деңгейдегі банктерді реттеудің осындай тиімді әдістерін айтуымызға болады:

- лицензиялау;
- банктік тәуекелдерді бақылау;
- ақша-несиелік саясатының құралдарын пайдалану [5].

Банк жүйесін реттеудің маңызды құралы және банк жүйесінің тұрақты жұмыс істеуі үшін экономикалық жағдайларды қамтамасыз ету – Қазақстанның әрбір несиелік ұйымдары, Орталық банкінің міндетті нормативтік актілерін міндетті түрде сақталуын талап ететін және бақылау болып табылады. «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 наурыздағы №2155 Заңының 2 тарау 8 бабына сәйкес, реттеу, қадағалау қызметтерін орындай келе, екінші деңгейлі банктердің Заңды бұзған жағдайда, Ұлттық Банк олардың белгілі бір банк операцияларын жүргізуге тыйым сала алады (мысалы, депозиттерді қабылдау), банкке уақытша әкімшілікті тағайындайды, ал кейбір жағдайларда банк лицензиясын алуға құқылы.

Қорытындылай келе, банктік реттеудің басты мәселесі банктік нарықтағы жоғары бәсекеге қабілеттілік болып табылады. Жалпы алғанда, бұл Қазақстан заңнамасының

қадағалау қабілетіне қатысты халықаралық стандарттарға сәйкес келмеуіне байланысты. Бүгінгі күні Қазақстан Банкінің қадағалау функциялары 2008 жылғы экономикалық дағдарыс кезінде алынған тәжірибені есепке ала отырып жүзеге асырылады, бірақ жасалған қорытындылар негізінен агрессияны қалыптастыруға бағытталған. Осы негізде Ұлттық Банкінің жұмысы, негізінен, осындай жағдайларды анықтауға және оларды болашақта болдырмауға және алдын алуға бағытталған шараларды қабылдауға бағытталған. Тұтастай алғанда, Қазақстан Орталық банкінің қадағалаушы орган ретінде жұмыс істеуі бүгінгі күні қанағаттанарлық, алайда Қазақстан кредиттік мекемелер қабылдаған тәуекелдерге қатысты алдыналу шараларын қабылдау мүмкіндігі шектеулі, бұл банк жүйесінің қаржылық тұрақтылығына айтарлықтай ықпал етеді.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. "Ақша. Несие. Банк" Кітап, Сейтқасимов Г.С. Астана, КазУЭФМТ, 2012, -542Б.
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми сайты
3. Сейтқасимов Г.С. , "Банк ісі", Кітап, Қаржықаражат, 2011 жыл-182Б.
4. Zakon.kz ресми ақпараттық сайты
5. Рейтинг рантье Казахстана – 2018. 2018жылдың N 8 Журналы " Банки Казахстана"  
ҚР Банктер қауымдастығы [www.abrk.kz](http://www.abrk.kz) › rus › journal-bk